

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.2 - Б.79-82

### **Өлең жазудың тиімді әдіс-тәсілдері**


*Фазыл А.С. 11 сынып оқушысы  
Ғылыми жетекшісі: Дюсупбаева  
Қ.С  
Нұр-Сұлтан қаласы №67  
гимназия*

Бүгінгі күні өлең, әнге мәтін жазу еріккеннің ермегіне айналып барады. Сөз күннен күнге мән-мағынасынан айрылып, арзандап барады. “Түйеге мінген қазақ, төрт ауыз өлең біледі” деуші еді дана халық, қазіргі заманда төрт ауыз өлең төрт жаққа шашырап, бір-бірімен ұйқасқа келмейді. Тілдің тазалығы мен мәнділігі бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналып отыр.

Көбінесе байқасақ, қазіргі әндердің сөзінде не мағына, не ұйқас жоқ. Бұл жағдайдың халыққа ұнамайтыны сөзсіз. Оны ғаламторда жүргізілген зерттеу нәтижесінен байқауға болады. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 63%-ы әндердің сөзіне көңілі толмайтындығын айтты.


Ал өлеңді кез келген адам жазып кете алады ма? Егер өлең жаза алмайтын адамға, өлең жазудың тиімді әдістерін ұсынсақ жазып кете алады ма, немесе оған шабыт пен жігер қажет пе? Менәлеуметтік желіде адамдарға сауалнама жүргізіп көрдім. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауабын қарап көрсек:

### Кез-келген адам өлең жазып кете алады ма?



Көріп тұрғандарыңыздай, 74% адам кез-келген адам өлең жаза алмайды деп жауап берді. Бұл дегеніміз, таланттың бірінші орында екеніне дәлел. Ал сол талантпен тумаған адамдар не істей алады? “Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау ” деп Дінмұхаммед Қонаев атамыз айтпақшы, ерінбесек кез-келген нәрсені үйренуге болады.

### Жалпы өлең жазу оңай ма?



Статистикаға сәйкес, 79% адам өлең жазу оңай емес деген тұжырымға келді. Тек 21% адам ғана өлең жазу оңай деп санайды екен. Демек, бұл әрбір

үшінші адам өлең жазудағы тиімді әдістерді білмеуі ықтимал дегенді білдіреді.



Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, 71% адам ақын болып қалыптасуға болатынын айтады. Яғни, барлық адам өзінің ақындық шеберлігін арттырып, жетілдіре алады деген сөз. Тек 29% ғана респондент ақындық тұма талант деп есептейді.

### **Өлеңді қалай жазу керек?**

Көп адамдарда “өлеңді жүректен шығарып жазу керек” деген түсінік қалыптасқан. Бірақ бұл көп жағдайда дұрыс бола бермейді. Бұл әдіс сіз өлеңді тек өзіңізге арнап жазсаңыз ғана жарамды болады. Ал егер сіз белгілі бір аудиторияға арнап жазатын болсаңыз, белгілі бір техникаларды қолданғаныңыз абзал. Сондай техникалардың біразына шолу жасап көрсек:

#### **-Жеңілінен бастаңыз**

Ең алдымен ойыңызға түскен кез-келген сөйлемді жазып алңыз, сосын соның ұйқасына қарап жалғастырасыз оңай болады. Мәселен:

Ауа-райы тамаца,

Қуанамын балаша.

Ойын ойнап келейін,

Босқа қарап жатқанша.

Тіпті мағынасыз болып жатсада, бір ұйқасты ұстануға тырысыңыз. Себебі бұл сіздің сөздік қорыңызды арттырып, ұйқастарды жеңіл табуға көмектеседі.

### **-Өзіңізге ұнайтын тақырыпта жазыңыз**

Мәселен, әрбір адамның ішкі түйсігінде жай сөзбен жеткізе алмайтын тақырыптары болады, соларды өлең етіп жазып көруге тырысыңыз; махаббат жайлы жазыңыз, отбасыңыз жайлы жазыңыз, табиғат жайлы жазыңыз немесе сүйікті телехикаяңызға арнап өлең шығарып көріңіз. Себебі сіз өзіңізге ұнайтын нәрсені айтып жатқанда, сөздік қорыңыз кеңейе түседі.

### **- Сүйікті ақындарыңызға еліктеңіз**

Әркімнің өзіне ұнайтын ақыны болады, соған байланысты ақынның жазу стилі ұнауы да поэзия сіздің ішкі жан-дүниеніңізбен тікелей байланысты мүмкін. Мысалы, маған қара өлең ұйқасында жазған ұнайды. Ал осы ұйқасты көбінесе Абай мен Мұқағалидің өлеңдерінен кезіктіре аламыз. Бұл әдісті көптеген ақындар қолданады.

### **- Негізгі, тақырыпқа сай ортақ сөзді табыңыз**

Яғни, көктем сөзін алсақ, осы тақырыпқа ортақ сөздерді іздейміз. Мысалы, бүршік, ағаш, қар еруі, т.б. Осы сөздер жинағынан мынадай өлең құрастыруға болады:

Көктем келіп ағаштар,

Бүршік ата бастады.

Қар да еріп айнала,

Лаймен жерді ластады.

### **- Шабытыңыз келгенде жазыңыз**

Поэзия сіздің ішкі жан-дүниенің бізбен тікелей байланысты. Ешқашан өзіңізді қинап жазбаңыз, тек шабытыңыз ояғанда жазыңыз. Егер өзіңізді қинап жазатын болсаңыз, тез жалығатын боласыз.

**- Көркемдегіш құралдарды қолданыңыз**

Суретші бояуды қалай жақсы білсе, ақын да көркемдегіш құралдарды да солай жақсы білуі тиіс. Метафора, эпитет, теңеу, метонимия сынды көркемдегіш құралдарды қолданыңыз. Бұл сіздің шығармаңызға басқаша әсер мен реңк қосады.



Әлеметтік желіде жүргізілген сауалнамада мен өз аудиторияма “егер сізге өлең жазудың әдіс-тәсілін көрсетсе өлең жазып кете аласыз ба?” деген сұрақты қойғанымда 72% адам “иә” деп жауап берді. Демек көрсетілген әдістердің адамдарға пайда тигізетіні сөссіз.

Ақындық өнері барлық адамға берілмесе де, кез-келген адам үйрене алатын дүние. Тек ол үшін еңбек пен төзімділік қажет. “Істегенің еліңе жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы” демекші, үйреніп, өзімізді дамытуға қадам жасайық. Себебі, тілдің экологиясын таза күйінде сақтап қалу да, тілді жойып жіберу де келер ұрпақтың қолында. Сапалы дүниелер жасауға барлығымыз ат салысайық

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері»

2.<https://znaniya.com>

3.<https://kk.m.wikipedia.org>

4.<https://bilim-all.kz>

5.<https://stihi.ru>